

УДК 814.373.21

К. Т. САПАРОВ

## ДӘСТҮРЛІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ТОПОНИМДЕРДЕГІ ОРНЫ (Қазақстанның Солтүстік-шығыс, Шығыс өңірлері мысалында)

Қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығының топонимдердегі рөлі сипатталады. Сонымен қатар көші-қонның түрлері және қазақтардың маусымдық жайылымдарды тиімді пайдаланғаны жөнінде сөз болады.

Қазақстан аумағында мал шаруашылығының негізгі, көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы түрлері болғанын археологиялық және этнографиялық деректер дәлелдеп отыр [1]. Ортағасырлық саяхатшы В. Рубрук қыста көшпелілер оңтүстікке жылы елдерге қоныс аударып, жазда суық өңірлерге қарай көшіп-қонуын жазса, меридиандық [2] және ендік бағытта көші-қону туралы мәліметтер Рузбихан және П. И. Рычков еңбектерінде көрсетілген [3-4]. Шаруашылықтың жартылай көшпелі түрі, дала, орманды, таулы өңірлерінде қысқы тұрақтарға қоныстану сак, үйсін тайпаларында кең таралған болатын. Көшудің тағы бір түрі – вертикальді көшу таулы аймақтарға, әсіресе Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарына тән болды. Гардизи Ертістің Шығыс бөлігінде мекендеген қимақтар елінде қыс айларында қардың біршама қалың түсетінін және жылқыларын “Ок-Тағқа” (Моңғол Алтайы) қыстататынын жазады.

Қыстаулар тау – өзен аңғарларында, суық жерлерден қорғалған ықтасындау жерлерде, тау алды көктемгі жайылымдар болса, биік таулы альпілік шалғындарға (жайлау) көтеріліп отырған [5]. Қазақ халқының мал шаруашылығын ұйымдастыру сипаты жергілікті табиғат жағдайлары мен нақты әлеуметтік-экономикалық, тарихи факторлардың әсер етуі нәтижесінде аумақтық ерекшеліктерге ие болды. Көшпелі өмір сүрген ата-бабаларымыз қысты жылы жақты: Қаратау маңында Шу мен Сыр бойында: Аралдың жағалауында өткізіп, жазды Арқаның самал желді, бетегелі белдерінде өткізген. Ағаш уықты, киіз туырлықты көшпелі қазақ осынау ұланғайыр туған даласының төсін жыл он екі айда бір айналып, аймалап кеп отырған. Шындығында жүгінсек ХІІ–ХҮІ, **Ертіс маңы жазығы Құлынды, Бараба** далалары Орта жүз қазақтарының – арғын, қыпшақ, керей, уақ, найман тайпаларының бір-бірімен шектесіп жатқан ата қоныстары болған [6]. Көшпелі қазақ руларында көшу марш-

руттарының ұзақтығына байланысты аралық аумақтар, күзгі және көктемгі жайылымдар ретінде ғана пайдаланылған. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Қазақстан жерінің табиғи жағдайындағы ерекшеліктерге тарихи кезеңдерге байланысты қазақтардың шаруашылығында айтарлықтай өзгешеліктер: 1. көшпелік жағдайда мал өсіру; 2. жартылай көшіп мал өсіру, қыстау төңірегінде егін салу; 3. отырықшылық жағдайда мал мен егін шаруашылығы қатар жүргізу қалыптасты. Қазақтардың шаруашылығында ең бастысы мал шаруашылығы болды.

Қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы көшпелілікке негізделіп, олардың сан ғасырлық тәжірибесінде жыл маусымдарына сәйкестендірілген “**көші-қон ережелері**” қалыптасып, бүкіл өріс аймағы маусымдық қыстау, көктеу, жайлау, күзеу жайылымдарына бөлінді. Мал жылдың төрт маусымында да табиғи жайылымдарда бағылды. Малдың жайылымын қамтамасыз ету мақсатында қазақтар сан ғасырлар бойғы тәжірибеден туған шаруашылық басқару тәсілінде жайылымдарды маусымға қарай пайдалану тәртібін қалыптастырды. Мал ұстап тозған жайылым, өрістерді әр мезгіл сайын ауыстырып отыруы, дәстүрлі мал шаруашылығының экологиялық сипат негізінде қалыптасқанын аңғартады [7]. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылдануға байланыста қоныс, жайлау, қыстау, күздеу, құдық, қора, қотан, қос, ашық, күрке т.б атаулар, сондай-ақ үй жануарлары аттарынан қойылған және олар мен байланысты әрекеттерді, оқиғаны білдіретін топонимдер пайда болды. Көшпелілер өмірінде әртүрлі оқиғаны бейнелейтін топонимдер: Айғырөткен, Тайқамалған, Тайсойған, Тайкүйген, Ботажуылған, Тоқтысалған, Текежайылған, Жетіжабағы, Қойбағар, Қойқамаған, Қойқырылған, Қойсоймас көл, Қойбағыс т.б халықтық этимология негізінде қалыптасқан атаулар бар. Әрбір жеке ру немесе ауыл жыл сайын өздерінің ата-ба-

балары салған көш жолдары бойынша көшіп, белгілі құдық басына, өзен бойына тоқтап, қыс мезгілінде жыл сайынғы белгіленген жерге көшіп келді. Өрбір ру-тайпа өзінің дәстүрлі көш жолдарын қалыптастыра отырып, олар көшіп-қону дәстүрін белгілі бір географиялық жер көлемі шеңберінде ұстанды. Қоныс орнын таңдау дәстүрге немесе шаруашылық мұқтаждарға ғана емес, саяси жағдайларға да байланысты болды. Өмір сүру ортасының ерекшеліктері жайылымдарды тиімді пайдалану тәсілдерін айқындап берді.

Қысқы жайылымдарға ызғырық желден паналайтын ықтасын, жылуыт, күнгейлі таулы жерлер, төбе-төбе құмды адырлар немесе малды бораннан, үскірік желден қалқалайтын тоғайлы, қамысты жерлер және табиғи ықтасын жерлер таңдап алынды; жазғы жайылымға бестегелі белестер, өзендер мен көлдердің алқаптары, ауасы салқын, шыбын шіркейі аз биік таулардың қойнаулары пайдаланылды; көктеулік және күз-деулік жайылымдар көбіне мал төлдетуге және жас төлді аяқтарынан ширатуға қолайлы жері жатық, суы мол өзендер мен көлдердің маңында қар кеш түсіп, ерте еритін жерлерге орналысты. Көшіп-қону өрісі түрліше болды, малы көп, әсіресе түйе мен жылқыға бай малшылар алысқа көше алды. Ірі рулар мен олардың бөлімшелерінің қоныстары негізінен алғанда бір территорияда болып отырды [7].

Жетісу өңірінде көш түйелеріне шашақталған жабулар жабылып, мініс көліктерінің де, көш сәнін келтіріп тұруына мән берілді. Кейбір байлар өз көштерін «қарқара» деп аталатын құс қауырсынын (көпестер әкеліп сатқан түйсқұстың құйрығы) тең үстіне, күймелерге қадап сәндеген. Мұндай көшті «қарқаралы көш» деп атаған [8].

Көш көлігі қызметін түйе, ат, өгіз атқарды. Бай отбасының көшу үшін жүк санына қарай 10–12 түйе, әлеуметтік жағдайы орта отбасы үшін 4–6 жүк көлігі, шаңырақтағы адам санына қарай 2–6 мініс көлігі қажет болды. Тарбағатай, Қар-қара өңірінде көш кезінде түйені тек жүк көлігі ретінде ал, Қара Ертіс даласында әйелдер түйені мініс көлігі ретінде пайдаланды және көшудің «тасымал» түрі қалыптасты [9–10]. Көш жолы неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым көшке ерте жолға шықты. Көбіне көш алдына қой малын салып, одан соң жылқыларды айдап, ірі қара көшпен қатар жүріп отырды. Көштің тасымал түрінде ауылдың бір бөлігі бірінші көшіп, белгілі жайлауға келіп қонған соң, жүк көліктерін қайта қайтарып, ауылдың қалған бөлігін көшірді. Тасымал көші 3–4 қатынауға дейін созылды.

Көштің бұл түрі қысқа жолға көшушілер арасында немесе жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын тайпалар арасында қолданылды. Ал шөл даланы кесіп өтетін көш суаты басына тоқтаған кезде малды тойдыра суарып алып келесі суатқа жету үшін, тоқтаусыз, яғни аядамасыз «Үдере көшіп» отырды. Ал, Қазақстанның Солтүстік өңірі мен Орталық аймағында көшіп – қонып жүрген тайпалар «меридианальды» көшу бағытын ұстанды [7]. Олар көктем түсерден, жас шөп шығардан жайлауға қарай жылжып, жайлауда шөп қоры азайған уақытта басқа жайылымға қарай көшті. Көшудің бұл бағытын қолданатындар – мал табынында түйе, жылқы саны көп ұзаққа көшетін тайпалар. Олардың көшу қашықтығының кемі 800 км-ден асып отырған. Ірі қара малы ұзаққа көшуге жарамсыздау болғандықтан, олар мал табынында аз кезікті [9].

Көш кезінде таңғы жолға шығу уақытын Шолпан жұлдызының туу уақытымен бағдарлап, қазақтар оны «керуен жұлдызы» деп атады. Қазақстанның Солтүстік-шығыс, шығыс өңірлері Семей облысының 5 уезіне қарасты аумақты қамтыды. Атап айтсақ, **Қарқаралы уезі (21 болыс), Зайсан уезіне (16 болыс), Павлодар уезіне (16 болыс), Семей уезі (18 болыс), Өскемен уезі (13 болыс)** қараған. Аталған аумақтарда көші-қонудың барлық түрлері көрініс тауып, өткен тарихтан мол ақпарлар беретіні анықталды [9–13].

XVIII–XIX ғғ.-да географиялық орта ерекшеліктері және қазақтардың өмір сүруін қамтамасыз ету қажеттіліктері мал табындарының түліктік құрамын да айқындап берді. Түлік құрамын реттеуде малдың жылдам әрі жиі-жиі көшуге бейімделу қабілеті, сондай-ақ, олардың шаруашылық және қоғамдық-саяси өмірде түрлі қажеттілікке (көлік, жауынгерлік мақсаттары) пайдалану мүмкіндіктері маңызды рөл атқарды. Су көздері мен мал азығының тапшылығы сезілетін жерлерде көшпелі қазақтар жайылымды тым жиі ауыстырып отыруға, бір жерге аз уақыт қана аялдауға, жиі- жиі көшіп жүруге мәжбүр болды [7]. Көш жолдарының жыл бойындағы орташа есеппен алғандағы ұзындығы 50–100 км-дей болған қыстаулар мен маусымдарға орай жолдың ұзақ болуы қазақтардың көшпелі тұрмысының кейбір ерекшеліктерін де айқындаған. Жүз, мыңдаған малмен бірге адамдар да ең даладағы көш жолдарымен баяу қозғалып отырған. Халықтың да, малдың да саны көп болғандықтан, көш алдындағылар кейінде төлдету және оны өсіру, табынды сақтап, ауырған малды емдеу, табиғи су көздері жоқ шөл және шөлейт өңірлерді құдық қазып, оны қалып-

ты жағдайда ұстау үшін қатардағы көшпелілер мен жартылай көшпелілердің көп күш жігер жұмсауына тура келді. Көшпелі мал шаруашылығы шұғылданған қазақ халқының шаруашылық өмірі тікелей климаттық жағдайларға, табиғат апаттарына (боран, аяз, дауыл, көктайғақ, су тасу, қуаңшылық) т.б тәуелді болды. Қазақ ономастикасында аз зерттелген нысандардың ішінде табиғат құбылыстар: жел, дауыл, циклонның (анонимдер) өзіне тән атауларын қарастыруға болады [7].

Араб және парсы деректеріне сүйене отырып, академик В. Б. Бартольд “Бетпақ даласын солтүстік-шығысқа қарай Сырдария аңғарынан бастау алатын бір жол, Талас аңғарынан бастау алатын бір жол кесіп өтіп, екі жолда Ертістің солтүстігіндегі кимақтар мекеніне апарды”, – деп көрсетті [8]. Орталық Қазақстан мен Оңтүстікті жалғастырып жатқан “Хан жолы”, “Қарқаралы жолы”, “Уанас жолы”, “Жеті қоңыр жолы”, “Сары су жолы” жолдары мал шаруашылығын күшейту мақсатында түскен [14].

Әрбір ру белгілі бір географиялық территорияда, жер көлемі шеңберінде көшіпқону дәстүрін ұстанды. Көшпелілердің қоныс орнын таңдауы дәстүрге немесе шаруашылық мұқтаждықтарға ғана емес, саяси жағдайларға да байланысты болды. Өмір сүру, ортасының ерекшеліктері жайылымдардың пайдалану тәсілдерін айқындап берді. Көшу жолдары мен көшу типтері көшпелілер қоныстанған аймақтардың табиғатына, жер бедері (ландшафт) ерекшеліктеріне байланысты қалыптасты. **Алтайда, Оңтүстік Алтайда** шұрайлы жайылымдар таулы-тасты аймақтарда болғандықтан тау шатқалдарын бойлай көшпелілер «тік» немесе «вертикальды» көшіп отырды [13].

Ал Қара Ертіс бойындағы наймандардың Ышбай ауылының көш жолына келер болсақ, олар қыстаудан мамыр айында ғана көтеріліп, Қара Ертіс арқылы өтіп, 5 км жердегі Шыбыршылыққа бір түн тоқтап, 6 км тағы жүріп Байшуаққа жетіп, одан әрі бір күн жүріп Қара жартасқа жетіп бұл жерде ауыл екі күн тоқтап, дем алған көш Марқакөл көліне қарай бет алып, Қарала айғыр, Дуанай, Тарлаулы, Азу, Матайбай шатқалдары арқылы жүріп отырып, Алтай таулары етегіндегі Қызылкөз жайлауына жетіп, ауыл жайлауда бір айдан аса отырып, Матайбай арқылы кері көшеді. Қайтар жолда Ертіске қарай тура жолды таңдап, Қараой мен Сарықұдық шатқалдарынан ғана тоқтаған. Ауылдың күзеулік жайылымы қыстауға жақын Ертістің сол жақ жағалауындағы шабындық жерлерімен бір болып, бұл жердегі Ескене шатқалында екі апта, Қызылжар шатқалында

бір ай, соңғы Қараған шатқалынан қар түскенде ғана қыстауға көшті. Қара Ертіс наймандарының ерекшелігі шабындық жердегі жұмыстың науқанына байланысты жайлауға қарағанда күзеуде көбірек отырды. Жалпы бұл өңірдегі жайылымдар қыстау, жайлау, күзеуден құралды [15]. Өр Алтайдың ұзақ қысы, қалың қары, мал шаруашылығына өзіндік қиындық келтіреді: малды аман алып шығу үшін, қар түсетін **Үкөк, Қалғұты, Қобда** жағына қыстатып әкелетін болған. Сондықтан, Орталық және Солтүстік өңірлерге қарағанда (12-17 мың жылқы) осы аумақта 3 мыңнан артық жылқы өспеген. Б. Бияровтың зерттеулерінде Өр Алтайдың 450-ге жуық жайлау, күздеу, қыстау атаулары анықталған [16]. Оңтүстік Алтайға жататын **Күршім, Зайсан, Тарбағатай** аудандарында да көптеген жайылым, қыстау, құдық, суат атаулары топонимдер құрамынан табылады. Мал шаруашылығына байланысты топонимдер қатарынан малдың жайылымына, қора-қопсына және мал бағушы адамдардың тұрақ-мекендеріне қатысты атаулар да орын алып отырған. Мысалы: Қаражайлау, Ақдала, Ақжайлау, Жайлаубұлақ, Қыпшақ жайлау, Қоңыр жайлау, Мәметектің жайлауы, Қызылқұдық, Майқұдық, Шыңырау, Аққұдық, Ақсуат, Ақ-қора, Ақтам, Дәрбен қорасы, Жылқыбаз, Жәкең-қора, Үңгірқора, Қыстаукүршім, Қадиша фермасы т.б [17]. Мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақ халқының күнделікті тіршілігі тәжірибесінен ғасырлар бойына жалғасқан жайлауға көшу дәстүрінен жайылымның да түрлерін қалыптастырды. Малына от іздеген қазақтар үшін шөбі шүйгін, шыбыны аз жерлер “атақоныстарына” айналды.

Мал жайылымына байланысты “қонжайлау”, “жөнжайлау”, “өржайлау”, “ойжайлау”, “төржайлау”, “саржайлау”, “қойтебін”, “алатебін”, “қойнасу”, “өтек”, “биебау”, “қорық”, “балқаш”, “көрпекөк”, “болпаң”, “отар”, “көксала”, “ранот”, “қойөріс”, “қозыөріс”, “қойбөлек” т.б жайылымдар қалыптасты [18].

Жайылымдар малдың жейтін отына байланысты: түйе жайылымы үшін “ақ от” және “ашы от” өскен жерлер таңдалды. “Ақ отқа” қамыс, мия, бидайық, жоңышқа, ажырақ, көде, бетеге, жатса, “ашы от” сексеуіл, қара барқын, қарасораң, жантақ, күйреуік, жаңғыл, тал, жиде, тораңғы, торғай оты, балық көз, кекіре, алабота, бозбота, боздыбас, көкбек, шыртылдақ, шытыр, қызғалдақ, дүзген, ақбас, текесақал, бөргек, шайыр, шағыр, құрғаш сияқты шөптерден құралды. Жылқы малын шөбі шүйгін, яғни торлау, райым, майқара, ебелек, зы-

ғыр, ергек, жусан, жүгері, ақбас, көде өскен жерлерге жаяды. Ірі кара жусан, боттауық, мия, буын сүйек, селеу, ши, қамыс, көде, бетеге өскен алқаптарда жайылды. Қой малының азығының құрамы мейлінше мол болды. Қой малы жайылымдағы шайыр, жерен, бозғанақ, қызғалдақ, жауқазын, балқурай, жантақ, көкбек, жуа, жолкөк, қарпан, баялыш, балауса, қараспан, киік оты, майшөп, балыккөз, торғай оты, кара барқын, сары соран, күштамыр, бұзаубас, тік санар, селеу, шалғын, торлау, жүзген, тоспашағыр, құртқа шаш, ақ қоңырау т.б өсімдіктердің Қазақстанның барлық аймақтарында кездесуі қой өрісінің ауқымының кеңдігін аңғартады [19].

Көшпелі қауымының негізі ауылдар көш кезінде (көбіне көршілес ауылдар) бірігіп, көшіп жүретін үлкен бір қауымды құрайтын. Көшікөн кездерінде жеке маусымдық жайылымдарда қауым мүшелеріне тиісті малды бірігіп жайлаған.

Ауылдар аумағының әрқайсысының ішінде қыстау маңына жақын күзгі-көктемгі өрістер болды. Ауылдар арасында шекара қатаң сақталды, ауыл ішіндегі қожалықтар, яғни шаруашылықтар малын қыстау маңындағы өздеріне тиесілі өрістерде ұстады. Жайлау – малдың жазғы алыс жайылымы. Жайлаудағы қоныс мүмкіндігінше өзен, көл жағасы, бұлақ болмаса суы мол құдықтар маңында болуы керек. Жаз айларында жергілікті қазақтар малға жайлы, маңызды жайылымымен ерекшеленетін **Баянаула, Қызылтау, Шыңғыстау маңы**, шұрайлы жерлерге бай **Ертіс маңы, Құлынды даласы, Алтай, Сауыр-Тарбағатай** жайлауларында ұзақ мерзімде жайлайтын. «Жаз – сая, қыс – пана» демекші, **Қалбаның** табиғаты да ерекше. Шілденің аптап ыстығын, оның қыраты мен бұйратты жоталары мен ақ шағылдары бойына сіңіріп алып кешкілік салқын самалын таратып отырады. Ал қыс мезгілінде оның әрбір ойпаңы әрі жайылым, әрі ықтасын. Оның сай-саласындағы ақ қайыны, жылғалардағы сылдырап аққан бұлақтары ерекше көз тартады. **Қалба-Шар өңірін** аралаған А. Янушкевич «Қазақ даласына саяхаттан күнделік пен хаттар» туралы жазбасында былай деп жазады: «Ағысы қатты Шарды жүзіп өтіп, Айқынбет-суан-керей қоныстарының қақ жайлауына келіп тоқтадық, біз қонған болыс қыстаудан көшкеннен бері үшінші жерге келіп қоныстап, дәл қазір Шардың жағалауындағы кеңістікті тегіс жайлап отыр». Осы аумақта Ақжалдың көкмайсасы, Қызылашы жайылымы, Көкпекті жайылмасы, Жуантөбе төскейі, Қорғанбай, Салқынтас жайлауы, Желдіқара, Шалабай қыстаулары,

Жаңғызбастау, Шымыр, Қасен қожа бастауы, Нүрпейіс, Мұқыш қорасы т.б. атаулар бар [20]. **Аягөз, Абай** аудандарының жерін басып өтіп, Шаған өзеніне құятын Ащысу өзенінің алабы да мал жайылымдарына кеңінен пайдаланылады.

М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясында көптеген нысан атауларының табиғи ерекшеліктеріне сипаттамалар берген. Абайдың, Тәкежанның Қаскабұлағы, Ақтанбек, Әйгерім, Еркекыз, Сарыпан, Тоғалақ руының күзеулілігі, Берікбай бақсы, Дүйсетай, Жанқара, Көжекбай, Күшікбай, Мағауия, Садықан, үбіғали қыстаулары, Бибі қорасы, Орыс қорасы т.б. [21]. Қ. Т. Сапаров Баянаула, Қызылтау маңындағы 220-ға жуық жайлау-қыстау атауларын қалпына келтіріп, атап көрсеткен. Көшпелі мал шаруашылығын бейнелейтін Жайлау, Жайлауқұдық, Жайлаусор, Жайлауағаш, Ақжайлау атаулары осы орайда қалыптасты. Мал шаруашылығын жүргізу тәжірибесі ұрпақтан-ұрпаққа жергілікті табиғат ерекшеліктерін ескеру, ортаға бейімделу тұрғысы, географиялық жағдайлар, табиғатты тиімді пайдалану жүйесі, мал шаруашылығының көшпенді сипаты, маусымдық көші-қоны, халықтық географиялық атаулардың жіктелуінің өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырып, ұлттық топонимдердің көрінісін маңызды сипаттармен толықтырып отыр [7]. Көшпелілердің мал бағу ісі бір-бірімен тығыз байланысты болғандығы дәлелденіп, жергілікті топонимдерде бейнеленді. Бұл экологиялық сипат негізінен қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын белгілі жүйеде қалыптасқанын аңғартып, өткенімізге көз жүгіртіп, реконструкция жасауға мүмкіндік береді. Қазақтардың көшпелі мал шаруашылығы XVIII–XX ғасырлар аралығында қоғам дамуының жетекші қозғаушы күші, экономикалық негізі бола отырып, қайталанбас мәдени мұраларында өз ізін қалдырды. Жергілікті топонимдерде табиғи ортаның бейнеленуі жергілікті табиғат жағдайларына, халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты айрықша сипат алатыны анықталды, сондықтан да ақпараттық рөлге ие болды.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Толыбеков С.Е.* Кочевое общество казахов в ХУП – начале ХХ века (политико-экономический анализ). Алма-Ата: Наука АН КазССР, 1971. С. 633.
2. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. Алма-Ата-Москва, 1935. С. 52-153.
3. *Рузбихан.* Михман-наме-йи-Бухара. М., 1976. С. 94.
4. *Рычков П.И.* Топография Оренбургской губернии. Оренбург, 1887. С. 96-98.
5. *Руденко С.И.* Очерк быта Северо-восточных казахов

// Казахи. Л., 1930. С. 3.

6. *Тілеке Ж.* Ертіс-Баянаула өңірі. Павлодар: «Дауа» «Қазақстан». 1-т. 1995. 368 б.

7. *Сапаров Қ.Т.* Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. 308 б.

8. *Загряжский Г.* Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи // Туркестанские ведомости. 1874. № 28. С. 110-111.

9. Материалы по Киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. Т. VI. СПб., 1905. 575 с.

10. Материалы по Киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Зайсанский уезд. Т. VIII. СПб., 1909. 455 с.

11. Материалы по Киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. Т. IV. Воронеж, 1903. 386 с.

12. Материалы по Киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Семипалатинский уезд. Т. X. СПб., 1909. - 346 с.

13. Материалы по Киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Усть-Каменогорский уезд. Т. IX. СПб., 1905. 167 с.

14. *Бартольд В.* Киргизы. Исторический очерк. Фрунзе, 1927. С. 20.

15. Казахи. Сборник статей антропологического отряда Казахской экспедиции АН СССР. Исследование 1927. Л., 1930. С. 8.

16. *Бияров Б.Н.* Өр Алтайдың жер-су аттары. Алматы, 2002. 180 б.

17. *Әлімхан А.Ә.* Жер-су аттарының ұлттық-мәдени негіздері. Оқу құралы. Өскемен: С. Аманжолов ат. ШҚМУ баспасы, 2003. 90 б.

18. *Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х.А.* Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы, 1998. С. 40.

19. Материалы по киргизскому обычному праву. Алматы, 1948. С. 99.

20. *Керейбаев Қ.* Қазыналы Қалба. Алматы, 2003. 464 б.

21. *Исабаев Б.* Ұлылар мекені. Новосибирск, 2001. 623 б.

#### Резюме

Рассматривается роль традиционного скотоводческого хозяйства в топонимах казахского общества. Кроме того, поднимаются вопросы, связанные с видами сезонных пастбищ, а также их рационального использования в хозяйстве.

#### Summary

This article with the role of traditional cattle-farming in the toponims of Kazakh society. Except that, the author takes notice to the questions connected with the kinds of seasonal pastures and also with their rational using in the economy.

*С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік  
университеті*

*Поступила 8.01.08г.*